



ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ

1 (181) 2021

Байыпты кеңеске баға жетпейді!

Хороший совет не имеет цены!





«Хасанов адвокаттық кеңесі» мекемесі

ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНДА 25 ЖЫЛДАН АСТАМ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Учреждение «Адвокатская контора Хасанов»
БОЛЕЕ 25 ЛЕТ НА РЫНКЕ ЮРИДИЧЕСКИХ УСЛУГ

Сіздерге мынадай білікті көмек көрсете аламыз:

Предлагаем вам квалифицированную помощь:

• **Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сіздердің мүдделеріңізді білдіру және қорғау.**
Төлемақы тараптардың келісімі бойынша.

• **Абонементтік негізде заң қызметтерін көрсету:**

- ауызша және жазбаша консультациялар;
 - жобалар, шарттар, келісімдер, басқа да құқықтық құжаттар жасау және олардың сараптамасы.
- Дайындайды:
- наразылықтар, талап қоюлар, шағымдар;
 - әр түрлі құқық салалары (әкімшілік, қылмыстық, азаматтық және т.б.) бойынша құқықтық қорытынды дайындау.
- Ай сайынғы құны – 100 000 теңге.

Жоғарыда аталған немесе өзге де заң қызметтерін бір рет көрсету тараптардың келісімі бойынша бөлек ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

• **Құқықтық аудит**

Компания қызметінің азаматтық, еңбек, корпоративтік құқық саласындағы қолданыстағы нормативтік актілердің талаптарына сәйкестігі айқындалады. Компанияның белгілі бір операциялар мен мәмілелерді жасауына байланысты қатерлерін бағалау жүргізіледі.
Құқықтық аудит жүргізілгеннен кейін есеп және ұсыныстар беріледі.
Қызметтердің құны жұмыс көлеміне қарай және тараптардың келісімі бойынша анықталады.

• **В представлении и защите ваших интересов по уголовным, гражданским и делам об административных правонарушениях.**
Оплата по договоренности сторон.

• **Юридическое обслуживание на абонементной основе:**

- устные и письменные консультации;
 - составление проектов, договоров, соглашений, других правовых документов и их экспертиза.
- Подготовка:
- претензий, исков, жалоб;
 - подготовка правовых заключений по различным отраслям права (административное, уголовное, гражданское и др.).
- Ежемесячная стоимость - 100 000 тенге.

Разовое предоставление вышеперечисленных или иных юридических услуг осуществляется за отдельную плату по договоренности сторон.

• **Правовой аудит**

Определяется соответствие деятельности компании к требованиям действующих нормативных актов в области гражданского, трудового, корпоративного права. Проводится оценка рисков компании, связанных с совершением определенных операций и сделок.
По окончании проведения правового аудита предоставляется отчет и рекомендации.
Стоимость услуг определяется объемом работ и по соглашению сторон.

Барлық мәселелер бойынша мына телефондарға хабарласыңыздар:
+7 (727) 262 06 12, info@khassanov.kz

Біз сіздерге пайдамызды тигізуге асықпыз!

По всем вопросам обращаться:

+7 (727) 262 06 12
info@khassanov.kz

Мы рады быть вам полезными!



**Республикалық
заң журналы**
2021 ж. қаңтар-ақпан
2002 ж. 1 қаңтардан бастап шығады

**Республиканский
юридический журнал**
январь-февраль 2021 г.
Издается с 1 января 2002 г.

Меншік иесі және шығарушы:
“Мемлекеттік қызмет –
Государственная служба” ЖШС.

Бас редактор
Хасанов Г.Г.

Құрастырушылар
Хасанов Г.Г.
Хасанов В.Г.
Хасанов Э.Г.

Аудармашы
Қаназова Ұ.М.

Корректор
Дюскалиева Ж.С.

Журналды ҚР Мәдениет және
ақпарат министрлігі,
Ақпарат және мұрағат комитеті
17.04.2014 ж. есепке қойған.
Есепке қойылғаны туралы
куәлік № 14306-Ж.

Басуға қол қойылды: 17.02.2021 ж.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆,
Шартты баспа табағы 7,5.

Жазылу индексі - 75845
“Қазпошта” АҚ,
“Евразия Пресс” агенттігі ЖШС,
“Эврика Пресс” ЖШС, “Express Press
Astana” ЖШС каталогтарында.

© Материалдарды редакцияның
келісімімен көшіріп басуға болады.
Журналға сілтеме жасау міндетті.

Мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, 050013
Алматы қ., Желтоқсан көш., 177 а
Тел: 8 (727) 2620612
E-mail: info@gossluzhba.kz

Собственник и издатель:
ТОО “Издательство “Мемлекеттік
қызмет – Государственная служба”.

Главный редактор
Хасанов Г.Г.

Составители
Хасанов Г.Г.
Хасанов В.Г.
Хасанов Э.Г.

Переводчик
Қаназова У.М.

Корректор
Дюскалиева Ж.С.

Журнал поставлен на учет
Министерством культуры и
информации РК, Комитетом
информации и архивов 17.04.2014 г.
Свидетельство о
постановке на учет № 14306-Ж.

Подписано в печать: 17.02.2021 г.
Формат 70x100 ¹/₁₆,
Условный печатный лист 7,5.

Подписной индекс – 75845
в каталогах АО “Қазпочта”,
ТОО Агентство “Евразия Пресс”,
ТОО “Эврика Пресс”,
ТОО “Express Press Astana”.

© Перепечатка материалов возможна
с согласия редакции.
Ссылка на журнал обязательна.

Адрес:
Республика Казахстан, 050013
г. Алматы, ул. Желтоқсан, 177 а
Тел: 8 (727) 2620612
E-mail: info@gossluzhba.kz



**жеке және
занды тұлғаларға**

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

- ✓ соттағы өкілдік пен қорғау (қылмыстық, азаматтық істерді, әкімшілік істерді жүргізу)
- ✓ ҚР құқығының барлық салалары бойынша ауызша және жазбаша консультациялар
- ✓ шарттар жасау, оларды жасасу кезінде қатысу, сараптама
- ✓ заңды тұлғаларды тіркеу, қайта тіркеу, тарату
- ✓ абонементтік негізде консультациялық қызмет көрсету
- ✓ ҚР заңдарының, жарлықтарының, қаулыларының және басқа да нормативтік актілерінің мәтіндерін беру

ОКАЗЫВАЕТ ПРАВОВУЮ ПОМОЩЬ

**физическим
и юридическим лицам**

- ✓ представительство и защита в суде (уголовные, гражданские дела, дела административного производства)
- ✓ устные и письменные консультации по всем отраслям права РК
- ✓ разработка договоров, участие при их заключении, экспертиза
- ✓ регистрация, перерегистрация, ликвидация юридических лиц
- ✓ консультативное обслуживание на абонентной основе
- ✓ предоставление текстов законов, указов, постановлений и других нормативных актов РК

"ХАСАНОВ" АДВОКАТТЫҚ КЕҢСЕСІ
050013, Алматы қ., Желтоқсан көш., 177 а,
Тел: 8 (727) 262-06-12
e-mail: info@khassanov.kz

СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК ҚҰҚЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНАДЫ:

СПОРТТА:

- ✓ клубтар мен ойыншылар арасындағы әр түрлі дауларды шешуде, оның ішінде тыйым салынған заттарды (допинг) пайдалануға қатысты мәселелер бойынша консультация беру және көмек көрсету;
- ✓ халықаралық спорт федерацияларымен және қауымдастықтарымен іскерлік хат-хабар алмасуды жүргізу, ағылшын тілінде әр түрлі құжаттар жасау;
- ✓ спорт клубтары, спорт ұйымдары, бапкерлер үшін жарғылар, регламенттер, тәртіптік қағидалар, ережелер және басқа да көмекші құжаттар әзірлеу;
- ✓ демеушілік, еңбек, шаруашылық және басқа да келісімшарттар әзірлеу, оларды жасасуға қатысу және одан әрі қолдау көрсету, оның ішінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сақтық алуларды қолдау;
- ✓ клубтардың (трансферлердің) трансферлік саясатын заң тұрғысынан қолдау, трансферлік келісімшарттар әзірлеу;
- ✓ құқықтық құжаттарды (оның ішінде тіркеуші, рұқсат беруші, сондай-ақ еңбек, азаматтық-құқықтық шарттарды және басқа құжаттарды) заң тұрғысынан тексеру;
- ✓ спорт саласындағы интеллектуалдық меншікті қорғау;
- ✓ спорт саласындағы салықтық құ-

қықтық қатынастар бойынша консультациялар;

- ✓ қызмет тиімділігі және оны жақсарту мақсатында қызмет бағыттары мен түрлері бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу және соңынан ұсыныстар беру;
- ✓ жарнама;
- ✓ ұлттық және халықаралық спорт федерациялары мен қауымдастықтары органдарында спорттық қатынастарға қатысушылар атынан өкілдік ету және олардың мүдделерін қорғау;
- ✓ Қазақстанның жалпы юрисдикциялық соттарында, Лозанна қ. (Швейцария) Халықаралық спорттық төрелік сотында өкілдік ету және мүдделерін қорғау;
- ✓ спортты дамытуға байланысты өзге де қызметтер көрсету.

ТУРИЗМДЕ:

- ✓ туризмнің барлық мәселелері бойынша жазбаша және ауызша консультациялар беру, әр түрлі шарттарды әзірлеу және сараптау;
- ✓ құқықтық құжаттарды заң тұрғысынан тексеру;
- ✓ абонементтік негізде туристік ұйымдардың қызметін құқықтық қолдау;
- ✓ дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешу;
- ✓ сотта клиенттің мүддесін көздеп өкілдік ету.

«Спорттық және туристік құқық орталығы» ЖШС

050013, Алматы қ., Желтоқсан көш., 177а

тел.: 8 (727) 262-06-12

e-mail: info@abonement.kz

Мазмұны

Алғысөз	5
Қабылданған қысқартулар	7
Азаматтық құқық	8
Корпоративтік құқық	9
Келісімшарт құқығы	10
Тұрғын үй құқығы	11
Жер құқығы	12
Кедендік құқық	14
Спорт құқығы	15
Салық құқығы	16
Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы	18
Мұрагерлік құқық	19
Қылмыстық құқық	20
Еңбек құқығы	22
Неке және отбасы құқығы	23
Әкімшілік құқық	24
Кәсіпкерлік құқық	26
Азаматтық іс жүргізу құқығы	27
Қылмыстық-процестік құқық	28
Қылмыстық-атқару құқығы	30
Әскери құқық	31
Медициналық құқық	32

Кымбатты оқырмандар!

Журналдың осы санында, оның бөлімдерінде сіздердің назарларыңызға азаматтық құқық бойынша – сақтандыру төлемімен қамтылмаған жол-көлік оқиғасы салдарынан келтірілген зиянды өтеу, жарамдылық мерзімі өткен тауармен келтірілген зиянды өтеу туралы; корпоративтік құқық бойынша – қатысушының (құрылтайшының) толық серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауапкершілігі, Акционерлік қоғамның алтын акциясы туралы; келісімшарт құқығы бойынша – келісімшартқа қосымша келісімді нотариалды куәландыру, келісімшарт бойынша айыппұлдар қолдану туралы; тұрғын үй құқығы бойынша – бейнекамера орнатудан бас тарту және оған техникалық қызмет көрсету шығындарын төлемеу құқығы, үй-жайлар (пәтерлер) иелері кооперативінің тексеру комиссиясының уәкілеттіктері туралы; жер құқығы бойынша – тиісті кворумның болмауына байланысты жер комиссиясы отырысын жарамсыз деп тану, шетелдікті жер учаскесіне құқығынан айыру туралы; кеден құқығы бойынша – 2021 жылдың қаңтарында кеден заңнамасына енгізілген өзгертулер, тауарларды жеке пайдалануға арналған тауар деп тану туралы; спорт құқығы бойынша – республикалық және жергілікті деңгейлерде түрлі спорт жарыстарын өткізу, Арнайы Олимпиада ойындары туралы; салық құқығы бойынша – жеке кәсіпкердің банктік шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұру, жеке практикамен айналысатын тұлғаға қатысты салық мониторингін өткізу туралы; әлеуметтік қамсыздандыру құқығы бойынша – 2021 жылы зейнетақы мөлшерінің өзгеруі, зейнетақылар бойынша әлеуметтік жеңілдіктер, еңбек жағдайлары зиянды жер асты жұмыстарында жұмыс істейтін адамдар үшін әлеуметтік жәрдемақылар туралы; мұрагерлік құқығы бойынша – заңнамада белгіленген 6 айдың аяқталуын күтпей мұраға қалдырылған ақша қаражатын алу, ұсыну құқығымен мұрагерлік туралы; қылмыстық құқық бойынша – жазаны жеңілдетуге немесе адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға мүмкіндік беретін шынайы өкінудің кінәні мойындау туралы процестік келісімнен айырмашылығы, паракорлық үшін жауапкершілікті күшейту туралы; еңбек құқығы бойынша – радиациялық қауіпті аймақтарда жұмыс істейтін жұмыскерге экологиялық жеңілдіктер, келісім комиссияларында еңбек дауларын қарау тәртібі, оның құқықтары мен өкілеттіктері және оны құру міндеттілігі туралы; неке

және отбасы құқығы бойынша – некені жарамсыз деп тану негіздері, күйеуі келіспеген жағдайда сотқа некені бұзу туралы арыз беру туралы; әкімшілік құқық бойынша – жүргізушілердің қоқыс тастағаны үшін әкімшілік жауаптылығы, әкімшілік құқық бойынша ескерту туралы; кәсіпкерлік құқық бойынша – импортталатын тауарлардағы ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде жазу және оны орналастыру тәртібі, уәкілетті мемлекеттік органдар тексеру жүргізу кезінде негізге алатын нормативтік акт туралы; азаматтық процестік құқық бойынша – азаматтық процестегі сот жарыссөздері, соттан талап арызын қайтарып алу туралы; қылмыстық-процестік құқық бойынша – жасырын тергеу әрекеттері туралы, ҚР Қылмыстық кодексінің 131-бабы (қорлау) бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы; қылмыстық-атқару құқығы бойынша – шартты жазаны мерзімінен бұрын алып тастау, адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органдарға шағымдар мен өтініштер беру кезінде құпиялылықты қамтамасыз ету туралы; әскери құқық бойынша – келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырылудан бас тарту, Қазақстанның әскери доктринасы туралы; медициналық құқық бойынша – ақылы медициналық қызметтер көрсету, Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцинацияның міндеттілігі туралы консультациялар ұсынылған.

Қымбатты біздің оқырмандарымыз! Сұрақтарыңызды жолдаңыздар, біз оларға ықыласпен жауап береміз.

Қазір **2021 жылға** журналға жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге сала кеткіміз келеді. Егер журналымыз сіздерді қызықтырған болса, оған «Қазпошта» АҚ, «Евразия-Пресс» ЖШС, «Эврика-Пресс» ЖШС, «Express Press Astana» ЖШС таратушы компаниялары арқылы жазыла аласыздар. Журналдың жазылу индексі – **75845**.

Сонымен бірге, «Мемлекеттік қызмет – Государственная служба» баспасы» ЖШС мынадай мерзімді басылымға жазылуды ұсынады:

«Мемлекеттік қызмет – Государственная служба» журналы. Жазылу индексі – **75578**.

Біздің журналдарымыздың басылым тілдері – мемлекеттік және орыс тілдері.

Сонымен қатар сіздердің аталған басылымдарда жарнама жариялай алатындарыңызды хабарлаймыз.

Алматы қ. анықтама телефондары: 8 (727) 262-06-12.

Біздің басылымдарға жазылыңыздар!

Сіздермен журнал беттерінде қуана жүздесеміз!

Қабылданған қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы

АК – Азаматтық кодекс

АПК – Азаматтық процестік кодекс

ҚК – Қылмыстық кодекс

ҚПК – Қылмыстық-процестік кодекс

КК – Кеден кодексі

ӘҚБТК – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс

Салық кодексі – Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекс

ҚАК – Қылмыстық-атқару кодексі



Азаматтық құқық

1. Жақында көлігімде келе жатқанымда басқа көлікпен соқтығысып, апатқа ұшырадым. Бұл көлік жеке компанияға тиесілі болып шықты. Жүргізуші осы оқиғаға кінәлі деп танылды, бірақ келтірілген шығынды өтеуден бас тартты. Жеке компанияға қатысты сақтандыру төлемімен қамтылмаған залалды өтеу талабымен сотқа тікелей жүгіне аламын ба?

Көлік құралдары, соның ішінде автокөліктер, жоғары қауіп көздеріне жатады. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 931-бабына сәйкес, қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дәулей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен немесе кез келген басқа да заңды негізбен (мүліктік жалдау шарты, көлік құралын басқару құқығына берілген сенімхат, көздерді беру туралы күзіретті органның өкімі арқылы және т.б.) жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі.

Осылайша, Сіз жоғары қауіп көзі (сіздің жағдайда – автокөлік) бар жеке компанияға қатысты талап арызын беруге құқылысыз.

2. Мен дүкеннен сақталу мерзімі аяқталмаған екі құты қоюландырылған сүт сатып алдым. Құтылардың бірін ашқанда қоюландырылған сүттің бұзылғанын, тұтынуға мүлдем жарамсыз екенін көрдім. Бұл жағдайда не істеу керек және қайда бару керек?

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 15-бабына сәйкес, тиісті емес сападағы тауар сатылған тұтынушы, егер сатушы оған тауардағы кемшіліктер жөнінде айтпаса, өз таңдауы бойынша: 1) сатып алу бағасын мөлшерлес кемітуді; 3) тауардағы кемшіліктерді жоюға жұмсаған өз шығыстарын өтеуді; 4) соған ұқсас маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстыруды; 5) сатып алу бағасын тиісінше қайта есептей отырып, басқа маркалы (модельді, артикулді) сондай тауарға ауыстыруды; 6) шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап

етуге құқылы. Жоғарыда көрсетілген талаптарды тұтынушы тауарды сатып алу орны бойынша қоюға құқылы.

Осылайша, Сіз бүлінген тауарды дүкенге әкеліп, әкімшіге көрсетуіңіз керек. Сауда нүктесі ақшаны қайтарады немесе өнімді тиісті сападағы, жарамдылық мерзімі қалыпты тауарға айырбастайды. Азық-түліктің сақталу мерзімі қалыпты болса, бірақ тауардың өзі сөзсіз бүлінген болса да, ол қайтаруға жатады. Сізде тауарды сатып алғаныңызды растайтын сатып алу күні мен уақыты көрсетілген касса түбіртегі болғаны жөн. Егер дүкен Сіздің талаптарыңызды қанағаттандырудан бас тартса, тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарының біріне немесе сотқа жүгінуге құқылысыз.



Корпоративтік құқық

1. Толық серіктестіктің міндеттемелері бойынша қатысушының (құрылтайшының) жауапкершілігі қандай?

Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары оның міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақтасып жауап беретін шаруашылық серіктестігі толық серіктестік деп танылады. Ортақтасқан міндеттеме түсінігі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 287-бабында берілген, онда несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені толық атқаруды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы орындауға міндетті болуына сәйкес көп жақтар қатысатын міндеттеме ортақтасқан міндеттеме деп танылады деп көрсетілген.

Егер бұл шартта көзделсе немесе заң құжаттарында белгіленсе, соның ішінде міндеттеменің мәні бөлінбейтін кезде ортақтасқан міндеттеме немесе ортақтасқан талап пайда болады.

2. Акционерлік қоғамның алтын акциясы деген не?

«Алтын акция» – корпоративтік құқықтың шартты атауы. Оны құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшының шешімі) немесе акционерлердің жалпы жиналысы енгізеді. «Алтын акция» вето құқығына ие (лат. veto – «тыйым саламын» сөзінен шыққан) – адамның шешім қабылдауға біржақты тәртіпте тыйым салу уәкілетін білдіреді) бір акционерге тиесілі болады. «Алтын акция» иесінің акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесі мен атқарушы органның шешімдеріне қоғам жарғысында белгіленген мәселелер бойынша вето

қою құқығы болады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 129-бабына сәйкес, алтын акция бағалы қағаз болып табылмайды.

Алтын акцияны енгізу тәртібі және оның иесінің құқықтары Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 13, 36, 41, 53, 57, 59-баптарымен реттеледі.



Келісімшарт құқығы

1. Кезінде біздің компания жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шартын жасасқан және нотариалды куәландырған. Қазір жоғарыда аталған шартқа қосымша келісім жасау қажеттігі туындады. Бұл келісімді міндетті түрде нотариалды куәландыру керек пе?

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 402-бабына сәйкес, шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан өзгеше туындамаса, шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады. ҚР АҚ-нің осы бабының талаптарына және сөзбен түсіндірілген нақты мәніне сүйенетін болсақ, егер сату-сатып алу нотариалды куәландырылса, оған қосымша келісім де нотариалды куәландырылуы керек.

2. Контрагентпен шарт жасасқан кезде біздің компания шарт талаптарын бұзғаны үшін тұрақсыздық айыпақысы түріндегі айыппұл санкцияларын қарастырмаған. Контрагент шарт бойынша міндеттемелерді өрескел бұзды және ақшалай қаражат бізге шарт талаптарын бұза отырып, тым кеш қайтарылды. Бұл жағдайда біздің компания контрагентке қарсы қандай да бір айыппұл санкцияларын қолдана ала ма?

Бұл жағдайда Сіз контрагенттен заңды тұрақсыздық айыпақы төлеуді талап етуге құқылысыз. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 295-бабына сәйкес, несие беруші тараптардың келісімінде айыпақы төлеу міндеті көзделген-көзделмегеніне қарамастан, заңдарда белгіленген айыпақы төлеуді (заңды айыпақы) талап етуге құқылы. Заңды айыпақыны есептеу үшін ҚР АҚ-нің 353-бабының 1-тармағын басшылыққа алу керек, онда біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін субъектінің жауаптылығы көзделген, атап айтқанда: ақша міндеттемесін орындамау салдарынан біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны не оларды төлеу мерзімін өткізіп

жібергені, не оларды негізсіз алғаны немесе басқа адамның есебіне сақтағаны үшін тұрақсыздық айыпақы төленуге тиіс. Айыпақының мөлшері ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеме негізінде есептеледі. Борышты сот тәртібімен өндіріп алу кезінде сот несие берушінің таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қуыным жасалған немесе шешім шығарылған немесе іс жүзінде төленген күнгі базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, несие берушінің талабын қанағаттандыра алады. Егер заң актілерінде немесе шартта айыпақының өзге мөлшері белгіленбесе, осы ережелер қолданылады.



Тұрғын үй құқығы

1. Мен көппәтерлі тұрғын үйде тұрамын. Біздің үйдің кіреберісіне бейнебақылау камерасы орнатылды. Мен бұл қажет емес деп санаймын және мұндай қондырғыға келісім берген жоқпын. Айтыңызшы, менің бейнекамераны орнатудан бас тартуға және оған техникалық қызмет көрсетуге төлем жасамауға құқым бар ма?

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабының 1-тармағына сәйкес, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстарға жатпайтын қосымша шығыстар пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне олардың жазбаша келісімінсіз және (немесе) жиналыстың шешімінсіз жүктелмейді. Аталған мәселе бойынша жазбаша келісім алу және (немесе) жиналыс шешімін шығару да Заңмен, атап айтқанда, 42-1 және 42-2-баптармен реттеледі. Біздің пайымдауымызша, тұрғындардың басым бөлігі Сіздің үйде бақылау камерасын орнатуға келіспеген болса, онда Сізге бұл қызмет көрсетілмеуі керек. Сіз ПИК немесе Сіздің үйге қызмет көрсететін компанияға бейнебақылау қызметтерінен бас тарту туралы өтінішпен жүгінуге немесе бұл мәселені сот тәртібінде шешуге құқылысыз.

2. Үй-жайлардың (пәтерлердің) иелері кооперативінің ревизиялық комиссиясының функциялары мен уәкілеттіктері қандай?

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің ревизиялық комиссиясы кооператив қызметінің әрбір учаскесіне қаржы-

лық тексеру жүргізуге міндетті. Ревизиялық комиссия кооператив басқармасының жыл сайынғы есебі және басқарма ұсынған кірістер мен шығыстардың жылдық сметасы бойынша қорытынды жасайды. Басқарма мүшелері және олардың отбасы мүшелері немесе басқарма мүшесімен бір пәтерде тұрып жатқан меншік иелері бір мезгілде ревизиялық комиссияның мүшелері бола алмайды. Егер кооператив мүшелері оннан аз болса, ревизиялық комиссияның орнына ревизор сайлана алады. Ревизиялық комиссияны (ревизорды) ПИК мүшелерінің жалпы жиналысы 3 жыл мерзімге сайлайды. Аталған комиссия (ревизор) ревизияны, сондай-ақ кезектен тыс ревизияларды ПИК мүшелерінің талабы бойынша немесе өз бастамасы бойынша жүргізеді. Ревизиялық комиссияны сайлау тәртібі, оның уәкілеттіктері Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 42-1, 47, 49, 52-1-баптарымен реттеледі.



Жер құқығы

1. Жер комиссиясының отырысы тиісті кворумның болмауына байланысты заңсыз деп таныла ала ма?

Комиссия отырысын заңды деп тану үшін кворумның болуы комиссия шешімдерінің заңдылығын қамтамасыз етудің маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жер комиссиясы туралы үлгі ереженің 16-тармағына сәйкес, «комиссия отырысы, егер оған оның құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі». Басқаша айтар болсақ, егер жер комиссиясының отырысы қоғам өкілдерінің біреуінің немесе бірнешеуінің болмауы себепті, комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3-нен аз жалпы санымен өтсе, онда комиссия отырысын тиісті кворум жинаған жоқ және заңсыз деп санауға болады. Сондай-ақ жер комиссиясы құрамындағы қоғамдық кеңестер, мемлекеттік емес ұйымдар, «Атамекен» ҰҚП, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысу санына қатысты минималды талаптар бар. Олар қатысып отырған жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде 50 пайызын құруы тиіс деп белгіленген. Демек, егер қала

әкімдігінің, ауданның шенеуніктері жер комиссиясының отырысын өткізу туралы шешім қабылдаса, бірақ комиссия мүшелерінің бірі немесе бірнешеуі ауырып қалғандықтан, бос болмағандықтан немесе оларға хабарланбағандықтан қоғам өкілдерінен кворум жинай алмаса, онда аталған мүшені шенеуніктердің бірімен немесе басқа қоғам өкілдерімен ауыстыруға тыйым салынады. Бұл жағдайда комиссия отырысы заңсыз деп таныла алады.

2. Мен Қазақстан азаматтығынан бас тартып, Ресей азаматтығын алдым және сол жерге тұрақты тұруға көштім. Сонымен бірге, менің меншігімде Қазақстанда жер учаскесі бар, оны әлі күнге сата алмай жүрмін. Мені осы жер учаскесіне құқықтан айыруы мүмкін бе?

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 23-бабына сәйкес, шаруа немесе фермер қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) және олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері тек қана Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін. Кодекстің 66-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша тұлға жер учаскесіне осы Кодексте белгіленген нормаларға сәйкес оған (тұлғаға) тиесілі болмайтын құқықты алатын жағдайларда, аталған құқық Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген ережелер бойынша үш ай ішінде иеліктен шығарылуға тиіс немесе аталған мерзімде осы Кодекске сәйкес жерге сондай субъектіге тиесілі болатын құқық етіп қайта рәсімделуге тиіс.

Сонымен, егер Сіз Ресей азаматтығын алған болсаңыз және сол жаққа тұрақты тұруға көшіп кетсеңіз, онда Сіз аталған жер учаскесін қайта рәсімдеуге немесе иеліктен шығаруға міндеттісіз.

Егер Сіз иеліктен шығару және қайта тіркеу туралы көрсетілген талапты орындамайтын болсаңыз, жергілікті атқарушы орган жер учаскесін оның орналасқан жері бойынша қайтару туралы талап қоюға құқылы.



Кедендік құқық

1. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауы мәселесі бойынша 2021 жылдың қаңтарында кеден заңнамасына қандай жаңалықтар енгізілді?

2021 жылдың 5 қаңтарында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының өз міндеттемелерін адал орындауына көмектесетін түзетулер енгізді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Кедендік реттеу туралы» Кодексінде (бұдан әрі – ҚР КК) «тәуекел дәрежесінің өлшемшарты» ұғымы енгізілді. Бұл белгілер жиынтығы кедендік бақылау түрлерін немесе кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды қолдану мақсатында кеден операцияларын іске асыратын тұлғаларды бағалауда басшылыққа алынады. Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды саралап қолдану мақсатында кеден органдары кедендік операцияларды жасайтын тұлғаларды тәуекел дәрежесінің өлшемшарттары негізінде төмен, орташа немесе жоғары тәуекел деңгейінің санаттарына жатқызу арқылы оларды санаттауды жүзеге асыра алады (ҚР КК 452-бабының 2-тармағындағы өзгертулер). Аталған түзету аясында бизнес-қауымдастық позициясын ескере отырып, тәуекел дәрежесінің құпия және құпия емес өлшемшарттары айқындалған. Құпия болып табылатын ақпараттың тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын кеден органы айқындайды. Құпия ақпарат болып табылмайтын ақпараттың тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын уәкілетті орган бекітеді (ҚР Қаржы министрлігінің бұйрығымен). Сондай-ақ тәуекелдер бейіндеріндегі және өлшемшарттарындағы ашық ақпарат тізбесі де кеңейтілген. Енді аталған тізбе келесі ақпаратты қамтиды: ҚР кеден заңнамасын бұзғандық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту деректері; кедендік төлемдер, салықтар, арнайы демпингке қарсы баждар, өсімпұлдар, пайыздар бойынша қарыздардың бар-жоғы; уәкілетті орган бекітетін тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын тәуекелдердің баға өлшемшарттарын қалыптастыру әдістемесі; уәкілетті орган бекітетін тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын баға ақпаратын қалыптастыру әдістемесі туралы.

Түзетулер 2021 жылдың 16 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

2. Мен шетелге жиі ұшамын. Кеден заңнамасы бойынша тауарлардың қандай санаттарын жеке пайдалануға арналған тауарлар қатарына жатқызуға болмайды? Бұл мәселені қандай нормативтік акт реттейді?

Жеке пайдалануға арналған тауарларға жатпайтын тауарлар санаттары Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 107 «Жеке пайдалануға арналған тауарлармен байланысты жекелеген мәселелер туралы» шешіміне № 6 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша айқындалады. Мысалы, оларға келесі тауарлар жатады: 250 г аспайтын мөлшердегі балықтың бекіре түрлерінің уылдырығы; 2,5 кг астам мөлшердегі балық, шаян тектестер (тірі, салқындатылған, мұздатылған); 18 жасқа толған адам өткізетін, жалпы көлемі 5 л асатын этил спирті, алкоголь сусындары және сыра; 18 жасқа толмаған адам өткізетін этил спирті, алкоголь сусындары және сыра; 18 жасқа толған адам өткізетін 200 астам сигарет немесе 50 сигара (сигарилла) немесе 250 г темекі мөлшеріндегі темекі және темекі өнімдері немесе жалпы салмағы 250 г асатын ассортименттегі көрсетілген өнімдер; 18 жасқа толмаған адам өткізетін темекі және темекі өнімдері; Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағынан әкетілетін, Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасымен оларға қатысты кедендік әкелу баждары белгіленген тауарлар (жеке пайдалануға арналған көлік құралының әдеттегі бактеріндегі және жеке ыдыстағы 10 л аспайтын мөлшердегі отынды қоспағанда); табиғи алмаз (Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін құны 75 мың АҚШ долларынан аспайтын бриллианттарды қоспағанда) және басқалар (барлығы 20 санат).



Спорт құқығы

1. Қазақстанда республикалық және жергілікті деңгейлерде түрлі спорттық жарыстар өткізу қалай жоспарланады?

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 38-бабына сәйкес, республикалық, халықаралық спорттық жарыстар дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті органның шешімі және спорт түрі (түрлері) бойынша аккредиттелген республикалық федерациялармен келісу бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың республикалық бірыңғай күнтізбесіне сәйкес

өткізіледі. Облыстық, қалалық және аудандық спорттық жарыстар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша және аккредиттелген тиісті жергілікті спорт федерацияларымен келісу бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың өңірлік бірыңғай күнтізбесіне сәйкес өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 294 бұйрығымен бекітілген Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру қағидаларында бірыңғай күнтізбе мемлекеттік бюджеттен де, спорт федерацияларының себебінен де қаржыландырылатын халықаралық, республикалық және жергілікті деңгейдегі жарыстарды, сондай-ақ спорт жарыстарына дайындау жөніндегі іс-шараларды қамтиды деп белгіленген.

2. Арнайы Олимпиадалық ойындар өткізілетінін естідім, олар туралы айтып берсеңіздер.

Арнайы олимпиадалық ойындар интеллект бұзылыстары бар спортшыларға арналған. Олар 4 жылда бір рет Арнайы олимпиадалық қозғалыс және ХОК (Халықаралық олимпиадалық комитет) қолдауымен өткізіледі. Алғашқы халықаралық Арнайы олимпиадалық ойындар 1968 жылы Чикагода өткізілді. SpecialOlympicsInternational – ақыл-ой кемістігі бар адамдарға арналған спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйым. Арнайы олимпиадалар интеллектуалдық даму бұзылыстары бар адамдарды бейімдеу мақсатында ғана өткізіледі. Жарыстарда ең мықты спортшыны анықтау және спорттық рекордты белгілеу мақсаты жоқ.

1990 жылдың 23 шілдесінде «Қазақстандық Арнайы Олимпиадалар» (ҚАО) ҚҰ немесе SpecialOlympicsKazakhstan құрылды. 1993 жылы оны ҚР ҚОК мойындады және SpecialOlympicsInc-те аккредиттелді.



Салық құқығы

1. Мен жеке кәсіпкермін. Жеке табыс салығы бойынша өсімпұл төлемегенім үшін мемлекеттік кірістер органдары жеке кәсіпкер ретінде ғана емес, жеке тұлға ретінде менің банктік шоттарым бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы бұйрық шығарды. Олардың бұған құқығы бар-жоғын білгім келеді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – ҚР КК) 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі дара кәсіпкерлік болып табылады. ҚР КК-нің 40-бабына сәйкес, дара кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алу қолданылмайтын мүлікті қоспағанда, өздерінің барлық мүлкімен жауапты болады.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 118-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, салық төлеуші (салық агенті) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның банктік шоттары (корреспонденттікті қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен, тәуекел деңгейі орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) бюджетке салықтық берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Салық кодексінің жоғарыда аталған нормасында мемлекеттік кірістер органдарының дара кәсіпкердің жеке тұлға ретінде ашылған банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруына тыйым салу белгіленбеген.

2. Жеке практикамен айналысатын адамға қатысты салықтық мониторинг жүргізіле ме?

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабының 1-тармағы 19) тармақшасына сәйкес, жеке практикамен айналысатын адам – жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор. Өз кезегінде, салық мониторингі коммерциялық ұйымдар болып табылатын салық төлеушілерге қатысты жүзеге асырылады (Салық кодексінің 129–133-баптары). Сондықтан жеке практикамен айналысатын адамдарға қатысты салық мониторингі жүргізілмейді.



Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

1. 2021 жылы зейнетақы мөлшері бойынша қандай өзгерістер болды?

Қазақстан Республикасының «2021–2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап жасына байланысты және еңбек еткен жылдары үшін зейнетақы төлемдері, инфляция деңгейін 2 пайызға оза отырып, 7 пайызға өсті. Жасы бойынша ең төменгі зейнетақы мөлшері 43 272 теңге.

Базалық зейнетақы мөлшері 5%-ға көтерілді. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап оның ең төменгі мөлшері 18 524 теңгені құрайды. 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақы төлемін ескергенде, зейнетақының ең төменгі мөлшері 61 796 теңгені құрайды.

2. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында еңбек жағдайлары зиянды жерасты жұмыстарында жұмыс істейтін адамдарға жәрдемақы қарастырылған ба?

1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша талап етілетін жеңілдікті еңбек өтілін өтеген азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 414-І Заңы № 1 тізім бойынша– 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап, № 2 тізім бойынша – 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы енгізілді.

Қазіргі уақытта № 1 және № 2 тізімдер бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау «Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 Тізімін және Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 Тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 1930 Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

№ 1 және № 2 Тізімдерге сәйкес мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау құқығы туралы мәселені шешу үшін жұмыс орнында белгіленген нысанда берілген жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайын

растайтын анықтама талап етіледі, онда бөлімге, жұмыс түріне және негізге сілтеме жасай отырып, жұмыс кезеңі, лауазымы көрсетіледі.

Ұйым таратылған жағдайда мұрағат директорының мөрімен және мұрағатшының қолымен расталған жұмыс орны, атқарған қызметі, кәсібі, жұмыс кезеңдері, мұрағат ісінің нөмірі, оның парағы көрсетілген мұрағаттық анықтама ұсынылады, мұрағат құжаттары болмаған жағдайда, ол сот органдары арқылы анықталады.

Жәрдемақы тағайындау туралы заң талаптарына сәйкес келген жағдайда, жәрдемақыға құқық пайда болған соң азамат қандай да бір мерзіммен шектеусіз кез келген уақытта жүгінуге құқылы.

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына» КЕАҚ (ХҚО) хабарласуыңызға болады.



Мұрагерлік құқық

1. Мен мұра құрамына кіретін ақшалай қаражатты заңнамада белгіленген алты айдың аяқталуын күтпей-ақ ала аламын ба?

Мұраға қалдырылған мүлікті, соның ішінде ақшаны, алу үшін Сіз мұрагер болып танылуыңыз керек, сондай-ақ мұраны заңнамада көзделген тәртіпте қабылдауға тиіссіз. Жалпы қағида бойынша мұраға құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткен соң беріледі. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 1073-бабы 2-тармағының 2-бөлігіне сәйкес, өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін. Мазмұны осыған ұқсас норма Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығымен бекітілген «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесінің» 120-тармағында да қарастырылған.

Осыған байланысты біз Сізге мұра ашылған орын бойынша нотариусқа жүгінуге кеңес береміз.

2. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік нені білдіреді?

Расында да, мұрагерлік құқықта ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік деген ұғым бар. Ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің

1067-бабында қамтылған, онда мұра ашылғанға дейін немесе мұра қалдырушымен бір мезгілде қайтыс болған заңды мұрагердің үлесі осы Кодекстің 1061-бабының 2-тармағында, 1062-бабының 2-тармағында және 1063-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда ұсыну құқығы бойынша оның тиісті ұрпақтарына өтеді және олардың арасында тең бөлінеді деп көрсетілген. Басқаша айтар болсақ, егер заң бойынша мұрагер (заң бойынша мұрагерлердің бірінші, екінші және үшінші кезектері) мұра ашылғанға дейін немесе мұра қалдырушымен бір уақытта қайтыс болса, онда оның үлесі ұсыну құқығы бойынша оның тиісті ұрпақтарына ауысады және олар арасында тең бөлінеді. Мұрагер мүдделерін заң бойынша білдіретін мұндай өкілдер мұра қалдырушының келесі туыстары бола алады: немерелер және олардың ұрпақтары – мұрагерлердің бірінші кезегі құқығы бойынша; мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары (мұра қалдырушының немере іні-қарындастары, жиендері) – мұрагерлердің екінші кезегі құқығы бойынша; мұра қалдырушының немере аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) – мұрагерлердің үшінші кезегі құқығы бойынша.

Сонымен, тірі болған жағдайда тиісті кезек шегінде мұраға ие болатын қайтыс болған мұрагердің орнын басатын, заң бойынша бірінші, екінші, үшінші кезектегі мұрагерлердің ұрпақтары ғана ұсыну құқығы бойынша мұрагерлер бола алады. Ұсыну бойынша мұрагерлік жалпы ережелерді сақтай отырып, мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты ай мерзім ішінде тиісті құжаттарды нотариусқа ұсыну жолымен жүзеге асырылады.



Қылмыстық құқық

- 1. Кінәні мойындау туралы процестік келісімнің жазаны жеңілдетуге немесе адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға мүмкіндік беретін шынайы өкінуден айырмашылығы туралы білгім келеді.**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 65-бабына сәйкес, шынайы өкіну – адамның айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал етуі. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды қалпына келтіреді. ҚР ҚК-нің аталған бабының екінші бөлігінде

көрсетілген қылмыстарды қоспағанда, шынайы өкіну қылмыстық құқық институты ретінде тек қана қылмыстық теріс қылық жасаған немесе қылмысты алғаш рет жасаған адамдарға қатысты қолданылады.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыппен келіскен жағдайда онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар туралы істер бойынша жасалады. Теріс қылықтар, іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған, ерекше ауыр қылмыстар туралы істер бойынша кем дегенде бір жәбірленушінің келісімі болмаған жағдайда, мұндай келісім жасалмайды. Процестік келісім Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 612–614-баптарымен реттеледі.

2. Қазақстанда парақорлық үшін жауапкершілік күшейтіледі деп естідім. Шынымен солай ма?

Расында да, Қазақстанда 2021 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жататын парақорлық үшін бұрынғыдан гөрі қатаң жаза-лайтын болады. Егер бұрын Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 367-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс (айтарлықтай мөлшерде пара беру) үшін ең жоғарғы санкция 5 жыл бас бостандығын айыру болған болса және, сәйкесінше, бұл қылмыс ауырлығы орташа қылмыс деп танылған болса, қазіргі уақытта жазаның ең жоғарғы шегі 7 жыл болып белгіленді. Бұл аталған қылмысты автоматты түрде тиісті құқықтық зардаптары бар (мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салу, жазаны қауіптілігі төмен колонияда өтеу мүмкіндігінің болмауы) ауыр қылмыстар қатарына қосады.

Бас бостандығынан айыру мерзімдерінің ұзартылуымен қоса, пара беру және пара беруге делдалдық үшін айыппұлдар мөлшері де көбейтілді. Мысалы, ҚР ҚК-нің 367-бабының 1-бөлігі бойынша пара бергендер үшін еселенген айыппұлдың ең төменгі мөлшері екі есе көбейтілді – параның он еселенгеннен жиырма еселенген сомасы мөлшеріне дейін. Делдалдар үшін де еселенген айыппұл мөлшерінің шегі екі есе көбейтілді: ҚР ҚК-нің 368-бабының 1-бөлігі бойынша «параның бес еселенгеннен он еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде дейін» болған, енді – «параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде» болды.

1. Радиациялық қауіпті аймақтарда жұмыс істейтін жұмыскер үшін экологиялық жеңілдіктер бар ма?

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 127-1-бабына сәйкес, экологиялық апат пен радиациялық қатер аймақтарында еңбек қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлер үшін кепілдіктер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Мәселен, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) залалданған аумақтар әсерлі эквивалентті мөлшерінің шамасына қарай: төтенше радиациялық қауіпті аймақ; ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ; жоғары радиациялық қауіпті аймақ; ең төмен радиациялық қауіпті аймақ; жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ деп бөлінеді.

Заңның 13-бабына сәйкес, жоғарыда көрсетілген аумақтарда тұрып жатқан азаматтардың мына аймақтар бойынша төмендегідей қосымша еңбекақы алуға: төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 2 айлық есептік көрсеткіш; ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,75 айлық есептік көрсеткіш; жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,5 айлық есептік көрсеткіш; ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,25 айлық есептік көрсеткіш; жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша – 1 айлық есептік көрсеткіш алуға құқылы. Бұған қоса, аталған тұрғындар мына аймақтар бойынша төмендегідей жыл сайын ақысы төленетін қосымша демалыс алуға: төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 14 календарьлық күні бар; ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 12 календарьлық күні бар; жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 10 календарьлық күні бар; ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 7 календарьлық күні бар; жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша 5 календарьлық күні бар демалыс алуға құқылы.

2. Келісу комиссияларында еңбек дауларын қарау тәртібі, оның құқықтары, уәкілеттіктері және құрылу міндеттілігі туралы айтып берсеңіздер.

Келісу комиссиясы – тұрақты жұмыс жасайтын орган, оның қызметінің мақсаты жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы

дербес еңбек дауларын шешу болып табылады. Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылады. Еңбек заңнамасы бойынша барлық дербес еңбек дауларын ең алдымен келісу комиссиясы шешуі керек және реттелмеген мәселелер бойынша ғана немесе келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда ғана сот шешеді.

Келісу комиссиясының қарауына жалпы ереже бойынша нақты жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы барлық дербес еңбек даулары жатады. Төмендегі еңбек даулары келісу комиссиясының қарауына жатпайды:

заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшыларымен (олар тек сотта қаралады);

үй жұмыскерлерімен (олар тараптардың келісімі бойынша немесе сотта шешіледі);

жұмыс беруші шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын істер (өйткені олардың келісу комиссияларын құрмауына жол беріледі).

Егер еңбек дауы туындаған сәтте комиссия құрылмаған болса, мұндай даудың ескіру мерзімі ұйымда келісу комиссиясы құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Келісу комиссиясын құру және жұмыс жасау тәртібі жұмыс беруші мен жұмыскерлердің өкілдері арасындағы жазбаша келісіммен ұжымдық шартта белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 15-бабымен реттеледі.



Неке және отбасы құқығы

1. Занда некені жарамсыз деп танудың негіздері қарастырылған ба?

Егер некеге тұру кезінде некеге тұру шарттары бұзылған болса немесе неке құруға кедергілер болған болса, онда сот некені жарамсыз деп тани алады. Некені жарамсыз деп танудың құқықтық негіздерінің тізбесі Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 25-бабының 1-тармағында қамтылған, ол түбегейлі болып табылады және кеңінен талқылауға жатпайды. Мұндай негіздер: неке құрудың белгіленген шарттарын, соның ішінде жасқа қатысты талаптарды, бұзу; өзара некеге тұруына жол берілмейтін адамдардың некеге тұруы; егер тараптардың немесе тараптардың бірінің некеге тұру ниеті болмаса, жалған неке қию.

Сондай-ақ егер неке мәжбүрлеп құрылған болса, некеге отырған адамдардың біреуі екіншісінен құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының және қоғамның қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретін ауруы бар екенін жасырса, неке жарамсыз деп таныла алады.

